

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Исламтану кафедрасының Ph.D. докторанты Акимханов Аскар Болатбековичтің «6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша Ph.D. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы («Китәб әт-тә’уиләт» атты еңбегі негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әшірбек Құрбанұлы Муминовтың

П І К І Р І

Бүгінгі таңда елімізде ұмыт болған тарихымызды, ата дініміз бен төл мәдениетімізді қайта жаңғырту күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің біріне айналды. Осыған орай, ислам өркениеті мен ғылымына және сунниттік бағыттағы дәстүрлі дін концепциясының қалыптасуына негіз болған ханафи-матуридилік ілімнің қалыптасып, дамуына елеулі үлес қосқан Орта Азия және Қазақ жерінен шыққан классик ғалымдардың ғылыми мұраларын жан-жақты саралап зерттеу әрі жарыққа шығарып, кеңінен насихаттау отандық дінтану және исламтану салалары үшін өзекті мәселе болып отыр. Бұл бәрінен бұрын, елімізде ұлтымызға тән діни дүниетаным негізінде бірыңғай діни идеология қалыптастыру үшін қажет. Докторант Акимханов Аскар Болатбековичтің диссертациясы осы тұрғыдан алғанда өте өзекті деп бағалауға болады. Диссертациялық жұмыста Орталық Азия мұсылмандарының діни идеологы Әбу Мансур әл-Матуридидің ілімінің түп негізі, ғылыми мұрасы және теологиялық тұжырымдары жан-жақты сараланып, оның ілімінің әубастан ханафи-матуридилік ілім негізінде қалыптасқан Қазақ елі үшін қаншалықты маңызды екендігі аңдатылған. Сондықтан да диссертация тақырыбы бүгінгі таңдағы өте өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

Диссертант алға қойған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асырып, тақырыптың мәні мен мазмұнын ашу үшін негізінен тарихи-салыстырмалы және семантикалық-этимологиялық талдау, контекстуалдық талдау, герменевтикалық әдіс, теологиялық компаративистикалық әдіс және теологиялық талдау сынды ғылыми әдіс-тәсілдерге жүгінген.

Диссертант ғылыми зерттеу жұмысының бірінші тарауында араб тіліндегі қолжазба деректерге, классикалық тарихи-биографиялық және библиографиялық еңбектер мен энциклопедиялық жинақтарға жүгіне отырып, сондай-ақ ондағы мәліметтерді шетелдік және отандық матуридтанушы ғалымдардың ғылыми зерттеулерімен сынды-салыстырмалы зерттеу арқылы, имам Матуридидің өмірі, ғылыми мұрасы және білім шежіресі негізінде ғылымдағы орны мен ілімінің түп негізін анықтаған.

Сондай-ақ диссертант имам Матуридидің «иман» теориясы негізінде бізге жеткен «Китаб әт-тә’уиләт» және «Китаб ат-таухид» атты еңбектеріне атрибуция жасау арқылы аталмыш еңбектердің Матуридиге тиесілі екеніне көз жеткізген.

Сонымен қатар бұл тарауда матуридилік сенім мектебінің генезисі мен эволюциясы сараланып, аталмыш мектептің қалыптасып, дамуындағы

Қараханиттер түркі династиясының рөлі пайымдалған. Бұл талдау тарихи эпиграфикалық және эпитафиялық тың деректер негізінде жүзеге асқан. Бұл тарауда атқарылған осы соңғы екі жұмысты ғылыми зерттеу жұмысының жаңалықтары ретінде бағалауға болады.

Ғылыми жұмыстың екінші тарауында имам әл-Матуридидің «иман» теориясы негізінде діннің негізі әрі өзегі болған «иман» ұғымының онтологиясы пайымдалған. Нәтижеде диссертант имам әл-Матуриди мен оның рухани ұстазы Әбу Ханифаның иман ұғымының түпкі мәні мен аталған ұғымды пайымдаудан туындайтын өзге де иман мәселелері бойынша алға тартқан теологиялық тұжырымдарының бірдей екендігіне көз жеткізген. Сонымен қатар бұл тарауда имам әл-Матуриди мен онымен замандас болған Самарқан мектебінің белді өкілдерінің иман мәселелеріне қатысты ұстанымдарына компаративистикалық талдау жасалып, нәтижеде ханафиттік теологияның эволюциясы пайымдалған. Бұл да өз кезегінде ғылыми жұмыстың бір жаңалығы болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың үшінші тарауында зерттеуші ғылыми зерттеу тақырыбының басты нысаны болған, имам Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымына «Китәб әт-тә'уиләт» атты еңбегі негізінде теологиялық талдау жасаған. Нәтижеде имам Матуридидің дәстүрлі дін концепциясының платформасына айналған «иман» теориясы жан-жақты сараланып, «иман» мәселелеріне қатысты ұстанымы аңдатылған. Бұған дейін әлемдік Матуридитану ғылымында және елімізде имам әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы негізінен оның «Китаб ат-таухид» атты еңбегі негізінде сараланып, пайымдалған болса, бұл диссертациялық жұмыста оның «иман» теориясы Құран тәпсірі «Китаб әт-тәуиләт атты» ең қомақты еңбегі негізінде сараланды.

Қорыта келгенде, Акимханов Аскар Болатбековичтің «Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы («Китәб әт-тә'уиләт» атты еңбегі негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын исламтану ғылымын жаңа ғылыми деректермен толықтыратын ғылыми жұмыс деп санаймын. ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы ережесінің» талаптарына сай орындалған ғылыми еңбек үшін Акимханов Аскар Болатбековичті «6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша Ph.D. докторы ғылыми дәрежесін қорғауға жіберуге болады деген пікірдемін.

Отандық ғылыми кеңесші:

Тарих ғылымдарының докторы, профессор

Маманов **Ә.Қ. Муминов**



Ә.Қ. Муминов
11 11 16